

АБАЙ ЖӘНЕ АЛАШ

Ишмухаммедова Улболсын Тобышбаевна
u@mail.ru

Л.Н Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің, тарих факультеті, Қазақстан тарихы кафедрасының 1 курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекші, т.ғ.к., доцент Н.Е Сайлаубаева

Қазақ жұрты Абай Құнанбаевтың 175 жылдық ұлы тойын жоғары деңгейде мақтанышпен атап өтуге кірісіп кетті. Бұл іс-шараны тәуелсіздік мүддесіне сай сапалы түрде өткізу міндеті ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың 2019 жылы 2 қыркүйекте жарияланған Қазақстан халқына Жолдауында айрықша тоқталып, тиянақтаған болатын. Ұлы Абай ағамыздың мерейлі тойы – отандық тарихымыз бен қазақ ұлттық жазба әдебиетінің қаланған негізінде әлемдік ақыл-ойдың, түркі-ислам өркениетінің интеллектуалды салтанаты, қазақ руханиятының жұлдызды сәті. Абайды жаһандық және ұлттық тұлға ретінде таныған һәм тануға олжа салған ой иелері жер-жаһанның барлық құрлықтарынан табылады. Дегенмен, сөздің патшасын, ойдың сарасын Абай айтқанын тұңғыш рет қазақ зиялылары паш етті. Тарихты ізі суымай жатып жазу – қиын. Соған қарамастан, Абайдың өркениеттегі орны мен маңызын бәрінен бұрын Әлихан Бөкейхан ашты. «Абай, – деп жазыпты ол 1905 жылы, – асқан поэтикалық қуаттың иесі, қазақ халқының мақтанышы... Абай сияқты халықтың рухани шығармашылығын осыншама жоғары көтерген қазақ ақыны әлі кездескен жоқ». Ұлы данышпан жөніндегі алғашқы мақаланың авторы А.Байтұрсынұлы болса, «Ол, қазақ» деп бар алашқа жар салған М.Дулатұлы да Абай туралы тереңнен толғаған. Оған мысал ретінде мына төмендегі түйіндіге назар аударуға болады [1].

«Абай сынды ақынның кәдірін білмеу қазақ халқының зор кемшілігін көрсетуге толық жарайды, себебі — қазақ басқа жұртпен үзеңгі қағысып, тең халық болып жасай алмауы — тарихы, әдебиеті жоқтықтан. Тарихы, әдебиеті жоқ халықтың дүниеде өмір сүруі, ұлттығын сақтап, ілгері басуы қиын. Әдебиеті, тарихы жоқ халықтар басқаларға сіңісіп, жұтылып, жоқ болады. Қай жұрттың болса да жаны — әдебиет, жансыз тән жасамақ емес. Қайдан өрбігенін, қайдан өскенін, ата-бабалары кім болғанын, не істегенін білмеген жұртқа, бұл талас-тартыс, тар заманда арнаулы орын жоқ. Сондықтан Абайдың аты жоғалуы, мұнан кейін де шығатын Абайлар сондай ескерусіз ұмытылу ықтималы қазақтың жоғалуымен, қазақ атты халықтың ұмытылуымен бірдей.

Соның үшін жиырмасыншы ғасырдың таңында халқымыздың ұйқыдан азырақ бас көтеруі, жас әдебиетіміздің өсуі, белгілі кісілеріміздің тірлігінде һәм өлген соңында мәңгі ұмытылмастай болуы — біздің бірінші ескеретін борышымыз. Әдебиетіміздің негізіне қаланған бірінші кірпіш — Абай сөзі, Абай аты боларға керек. Абайға шейін қазақта қолға алып оқырлық, шын мағынасында қазақ әдебиеті дерлік бір нәрсе болған жоқ еді. Абайдың бізге қымбаттығы да сол. Бәлкі, мұнан кейін Абайдан үздік артық ақындар, жазушылар

шығар, бірақ ең жоғары, ардақты орын Абайдікі, қазақ халқына сәуле беріп, алғашқы атқан жарық жұлдыз — Абай» [2].

«Абайдың ең бір артық өзгешілігі заманның ыңғайына жүрмей, өзінің «өздік» бетін мықты ұстап, ақылға, ақтыққа, көңілдің шабытына билетіп, көз тұнжырарлық кемшілік, міннің ортасында тұрып, ортасында жүріп, үлгілі жерден өрнек алып келген кісідей ашық көзбен қарап, барлық мінді мүлтіксіз суреттеуі жырақта жүріп қылт еткенді көретін қырағы қырандай сыншылдығы.

Мұндай сипат Абай бұл жүрген адамдарға ұқсамай, өзгеше зор мақсат үшін дүниеге келгендігіне дәлел.

Абайдың қиялы шалымды, ойы терең, ақыл-білімінің әр тарауынан көкірегінде асыл қазына көп. Сол көп қазынаны барлық ырғағы, нәзік сипатымен қазақтың ұстармаған, ысылмаған жуан тілімен биязы ғып шығаруы әрі ақындығы, «қызыл тілді» шешендігі.

Абайдың ақындық өнері, тар жолды, бірбеткей емес. Әр тараулы, сегіз қырлы. Ол тараулар мынау: мінез түзететіндік (ахлак), тереңнен толғайтындық (пәлсапа), сыншылдық (критика), суретшілдік (художественность), жүректің мұң-зарын, сырын тапқыштық (лирика), ащы тілділік, ызалықпен күлетіндік (сатира), һәм керемет переводшиктік.

Мұндай әр жақты, сегіз қырлы өнер басқа ақындардан табыла бермейтін Абайға ғана хас сипат.

Абайдың өлеңінің көбі-ақ мінез түзеу жолына арналған. Көп өлеңнің ішінен мысал үшін мына бір сөзін алайық.

Мағлумға жаның ашып, ішің күйсін,
Харекет қыл, пайдасы көпке тисін.
Көптің қамын әуелден тәңірі ойлаған,
Мен сүйгенді сүйді деп иең сүйсін» [3].

«Сөзі аз, мағынасы көп, терең. Бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықсаң, түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қалады. Көп сөздерін ойланып дағдыланған адамдар болмаса, мың ара оқыса да түсіне алмайды. Не мағынада айтылғаны біреу баяндап ұқтырғанда ғана біледі. Сондықтан Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр тиетіні рас. Бірақ ол ауырлық Абайдың айта алмағанынан кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік. Олай болғанда, айып жазушыда емес, оқушыда. Не нәрсе жайынан жазса да Абай түсіндіріп, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады. Оның сырын, қасиетін біліп жазған соң, сөзінің бәрі оқулыққа тіреліп, оқушылардың біліміне сын болып табылады. Оқушы сөзді сынаса, сөз оқушыны да сынады. Абай сөзі заманындағы ақындардан оқшау, олар сөзінен үздік, артық. Ол оқшаулық, басқа ақындардан Абайдың жалғыз сөзінде ғана емес, өзінде де болған. Абайдың қандай болғанын көзбен көрмесек те, көргендердің айтуынан білеміз. Сөзінің қандай екендігін сөйлеген соң, өзінің де қандай екенін айтып, түсіндіріп өткеніміз теріс болмас»- дейді А. Байтұрсынов [4].

Абайға қатысты қазіргі таңда сөз айтқанда ең алдымен ойымызға М. Дулатовтың «Қазақ» газетінің бас мақаласы ретінде басылған «Абай» деген мақаласындағы «Абайдың өлген күнінен қанша алыстасақ рухына сонша жақындармыз», - деген аталы сөзі оралады. Шындығында да уақыт көші қанша алыстағанымен де, Ұлы ақын мұрасына, рухына соншалықты жақындай береріміз анық. Уақыт кеңістігіндегі ғасырлар деңгейі мөлшерімен қарасақ Абай жинағының жарық көргеніне бір ғасыр болды. Ендеше тұңғыш жинақ оқырман қауым назарына ұсынылғаннан бері ұлы ақын мұрасын, оның дара болмысын, азаматтық келбетін, мол әдеби мұрасын тану, таныту дәрежеміз қандайлық деңгейде, не істелінді, алдағы уақыттардағы міндетіміз қандай деген сұрақтарға жауап іздеуіміз бүгінгі күн талабы деп есептейміз. «Қазақтың бас ақыны — Абай. Онан асқан бұрын-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ. Ақмола, Семей облысында Абайды білмейтін адам жоқ,- дей келе Ахмет Байтұрсынов,- Абайдың сөздері кітап болып басылып шыққанша Абайдың аты да, сөзі де Торғай облысына естілмеуші еді», - дейді. Ал, Міржақып Дулатов болса: «Не шара! Қазақ әдебиетінің атасы хакімінде алтын әріппен жазыларлық Абай Шыңғыс тауында туып, Шыңғыс тауында 60 жылдық өмірін өткізіп, сол Шыңғыс тауында

өлді. Туғанын, жасағанын, өлгенін өз елі Тобықтыдан басқа қазақтың көп жері білмей де қалды. Осы заманда үш ауыз сөздің басын құрай білетіндердің жазулары тасқа басылып, халыққа тарап, сынға түсіп тұрғанда, Абай сөзі өзі өлгеннен бес жыл өткенде басылды», — деген еді.. Зер сала қарасақ Алаш арыстарының айтқан сөздерінде үлкен мән жатыр. Абай есімінің кең қазақ сахарасына таралуына, ұлы ақын сөздерінің «көкірегі сезімді, тілі орамды» «үлгілі жас» пен сөз танырлық адамына жетуіне басты себеп болған — тұңғыш жинақ екендігі тағы да айқын [5].

Зер сала қарасақ Алаш арыстарының айтқан сөздерінде үлкен мән жатыр. Абай есімінің кең қазақ сахарасына таралуына, ұлы ақын сөздерінің «көкірегі сезімді, тілі орамды» «үлгілі жас» пен сөз танырлық адамына жетуіне басты себеп болған — тұңғыш жинақ екендігі тағы да айқын. Әйтпесе: «Мақтап отырған Абайы біздің Әбубәкір, Сейдахмет, Ақмолдаларынмыз сықылды біреу ғой деп жүрдім», — деп басындағы Ахмет Байтұрсынұлы айтқанындай көзі ашық Алаш азаматтары толық тани алмай қалар ма еді, дәл заманында Абай жинағы жарық көрмесе, ақын өлеңдері қолдарына тимесе [6].

Қазақтың әдебиеті ілгері басып, өрлейтін болса, Абайдың бұл қызметі әдебиетімізге негіз болып, келешектегі көтерілуіне тұрғы болмақ. Пушкин айтқандай Абай «өзіне мәңгілік ескерткіш орнатып кетті».

Абайдың пайдасыз сөзі жоқ. Ахлақ, адамшылық туралы айтқан терең мағыналы, үлгілі сөздері кемшіліктің мінезін тәрбиелеп, ақыл көзінің ауданын кеңейтпек. Жүректен толғанып, ыза мен қайрат айдап шыққан қайғылы, қапалы, зарлы сөздері адамның ақылын өз ішіне үнілтіп, жанымен сырластырып ұғып, оқып түсінгендердің сезімін тәрбиелемек.

Бұл күнде жұрт Абайдың сөзімен пайдаланып, айтқанын ала қоймайтындық — көптің қараңғы, надандығынан. Бірақ Абайдың соңынан ерген, сөздері әсер берген кісілер жоқ деуге тағы болмайды. Халық жалпы ғылымға бет қойып, көзі ашылған сайын Абайдың сөзінің бағасы артылып, өзінің нұсқаған жолдарына халықтың ұғымын сүйреп, көпшіліктің қараңғы надандығына қарағанда Абайдың көп сөзі ертерек айтылғанға ұқсайды, бірақ іске аспай, керекке жарамай қалмайды [7].

Ақынның жүрегі не нәрсенің болсын жарастығын, келісімін, сұлудың сұлуын іздейді. Жүрегінің сезімі, көңілінің шабыты билеп, өз бетімен жазып кеткен сөзін былай неге жазбадың ахлаққа хлаф деу жол емес, ол зорлық. Оның суретшіл көңіліне, жүрек қиялына басқаның мөлшері өлшеу емес.

Абайдың бірсыпыра өлеңдері жүрегінің сырын, шерін толқытып қанымен, мұң-зармен шығады. Мысалы, «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?...» «Ішім өлген, сыртым сау...», «Жүрегім менің қырық жамау...» деген өлеңдері.

Шаншып алма ащы тіл, ызалы күлкі, кекесін де Абайдан табылады [8].

Қазіргі заманда Абай ұлылығын, хакімдігі мен кемеңгерлігін барша адамзат танып білген шақта, оның 1909 жылы шыққан тұңғыш жинағының қазақ халқы мәдениетінің тарихындағы сарқылмас ғажайып бастау бұлағы болғандығын терең де айқын сезінеміз. Абай жинағының жарық көруіне қалтқысыз қамқорлық жасаған үлкен экономист — ғалым, әдебиетші-тарихшы, жалынды публицист, шебер аудармашы, алаш арысы Әлихан Бөкейханов басты назарын қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне арнаған. 1903 жылы Петербургта белгілі ғалым Семенов-Тянь-Шанский мен академик В.И.Ламанскийдің редакциясымен жарық көріп келе жатқан «Россия. Полное географическое описание нашего Отечества» атты көп томды еңбектің 18 томы «Киргизский край» деген атаумен қазақ тарихына арналып шығады. Міне осы кітаптың «Население» деп аталған екінші бөлімін Әлихан Бөкейханов жазуға қатысқан. Онда қазақ халқының өзіндік ерекшелігі, өткен тарихы мен танымы, мәдениеті туралы, мол ауыз әдебиеті жауһарларын, жекелеген ақындарды айта келе Абайға айрықша тоқталады. Абайды жаңа әдебиеттің көшбасшысы ретінде бағалайды [9].

Белгілі абайтанушы ғалым Қайым Мұхамедхановтың сөзімен айтсақ: «Абайдың көзі тірісінде оны орыстың оқырман қауымына тұңғыш рет таныстырған адам — Әлихан Бөкейханов» «Семипалатинский областные ведомости» газетінің 1904 жылғы 8 санында

өткен жылғы, яғни 1903 жылғы Семей облысының статистика комитетінің атқарған істері туралы есебі жарияланған. Міне, осы есепте Комитеттің толық мүшелерінің ішінде Абай мен Әлиханнның есімдері қатар аталады. Сонымен қатар 1914 жылы Михаэлис қайтыс болғандағы қазанамада «Қазақтың жалғыз, ақыны Абайды тура жолға салған осы Михаэлис еді. Абай өле-өлгенше «менің көзімді ашқан, маған жаны ашырлық қылған Михаэлис еді» деп айтып отыратын еді», -деуі Абай мен Әлиханнның жақын таныс болғандығының айқын дәлелі [10].

Өзге сипаттарының ішіндегі ақындық сезімінің артық жетіктігі, дүниенің сыры мен жүрегінің жалғасып, ымдасып кететіндігі. Жылдың төрт уақытын қазақтың өмірімен үйлестіріп жазғандары оқып отырғанда сол уақыттарды көзіңмен көріп,-дей келе Ж. Аймауытов және М. Ауезов- денеңмен сезіп отырғандай суретін алдыңа әкеліп елестетеді [11].

Абай Құнанбайұлының өлеңдері мен қарасөздері – зор теңіздегі жел айдаған қайықтың күйін кешкен қазақ деген халықтың қос ескегіндей болды. Хәкім сөзінің әлі де қасаң тартпайтынын һәм қуыс-тасада жатпайтынын, жылдар жылжып, айлар озса да, құнын қанша сақтайтынын айқындайтын – уақыт болса, пайымдайтын – халық.

Өлең сөздің шебері Мағжан ақынның:

«Шын хәкім, сөзің асыл – баға жетпес,

Бір сөзің мың жыл жүрсе, дәмі кетпес», - деп баға беруі соның дәлелі. Абайдан соң қазақ руханиятының алып қағанатына айналған алаштықтар әр кезде де Абай сөзіне жүгінді. Асылдың құнын ұғынды.

Біз сол Абай мен алаштықтардың арасындағы алтын көпірге айналған бір өсиет сөзі хақында ой өрбітеміз.

Ол – Абайдың «Жиырма бесінші қара сөзіндегі»: «Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да - бәрі орыста тұр» - деген сөз. Өкінішке қарай, хәкімнің сөзін бүгінгі күні әркім әрқалай тәпсірлеп жүр. «Абай «Жиырма бесінші қара сөзінде» «Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да - бәрі орыста тұр» деп айтты. Ол орыстың сойылын соғушы», - деп те пәлсапа соғып жүр. Бір қызығы, олар дәл осы сөйлемнен кейінгі: «Зарарынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек», - деген сөзге жете мән бермейтін сияқты [12].

Ал Абай айтатын «кейінгі толқын – інілер» - алаштықтар сол алып империяны өздерімен санастыра білді. Өйткені олардың «көкірек көзі ашылды» - «орысша оқу керек» деген Абай сөзін орындады. Нәтижесінде өздері де орыстың мықтыларымен «бірдейлік дағуасына» кірді. Алашорда Үкіметін құрды. Алаштықтар шын мәніндегі Азаттыққа ұмтылды. Әлихандай бір кемел – ұлттың ұстыны болды. Алаш қағанаты деуіміздің бір себебі осында еді.

Абай бұлағынан қанып ішіп, көзі ашылған алаштықтар Абайды насихаттап өтті, пір тұтты. Хәкім жайлы мақалалар жазды, тұңғыш кітабын шығарды, «Абай» журналын шығарды, абайтану ғылымын қалыптастырды. Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білу керек.

Абай аңсаған бүгінгі азаттығымызда Алаш арыстарының еңбегі - ұшан-теңіз! Олар хәкім Абайдың жоғарыда айтқан өсиетін жете ұғынып қана қоймай, оны орындау арқасында - қазақты қараңғылықтан, қазақтың ұлан-ғайыр жерін империялық аран-жұттан сақтап қалды деп түсінуіміз керек. Алаштықтар – Абайға қарыз болса, біз – Алаш арыстарына қарыздармыз.

Ендеше, дана Абайымызды «орыс тілін біл деді, өнерін сүй деді, ол – орысшыл» деп босқа арамтер болмайық, ағайын. Бұл да – бүгінгі күнгі ғалымдарымыздың ағылшын тілін, тағы басқа тілдерді білуіміз керек деп жүргеніндей жанашырлықтан туған сөз. Абайдың мұндай сөзі өз заманында - дәл уақытында айтылуымен құнды! [13].

Сөзіміздің түйінін ақын Сапарғали Ләмбекұлының мына бір жыр шумағымен қорытындылаймыз:

«Ағайын, ойға салып қарашы енді,

Атамыз – біле білсек Алаш еді.

Бүгін біз Тәуелсіздік дәмін татсақ,
Тұқымын солар еккен ағаш еді».

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. <http://akikat.kazgazeta.kz/>
2. Қазақ" газеті //1914 жыл, 23 июнь, №67. – 23 б.
3. Абайды оқы таңырқа// Алматы. «Ана-тілі» 1993 ж -102 б.
4. Абайтану. Таңдамалы еңбектер. // I том-Алматы: Қазақ университеті, 2015.-210 б.
5. «Қазақ» газеті.// 1913 ж. №15.
6. <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/40246/>
7. К.Нұрпейісұлы. Алаш ақиқаты. //Алматы. Ан Арыс. 2010. – 49 б.
8. bilim-all.kz. ақпараттық агенттігі
9. Абай. Энциклопедия. – Алматы: Атамұра. 1995.-166 б.
10. Мұхамедханов Қ. Көп томдық шығармалар жинағы. 2-том.- Алматы: Алаш, 2005.– 344 б.
11. Қасым. Республикалық әдеби-қоғамдық журнал. №2. 2016.-9 б.
12. Абай Құнанбаев. Шығармалары. 2-том. Алматы. Ғылым. 1977.-162 б.
13. Нұрпейісұлы К. Алаш ақиқаты. –Алматы: Ан Арыс. 2010.-61 б.